


Мектеп оқушыларының тәрбиелік дағдыларын
қалыптастырудағы сынып жетекшілері мен ата-
аналардың ынтымақтастығы

Қош келдіңіздер!






Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Нұрсұлтан Назарбаев

Тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:

*«Тәрбие процесстерін
ұйымдастыруда жаңа
педагогикалық
технологияларды тиімді
пайдалануды жетілдіру»*



мектептің тәрбие процесіне ата-аналардың белсенді қатысуын ұйымдастырудың жолдарын қарастырып, қамтамасыз ету;

оқушыларды ұжымда жұмыс істеуге бейімдеу, әдемі қарым-қатынасқа, достыққа, ауызбіршілікке, татулыққа тәрбиелеу;

оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру;

Мектептің тәрбие жүйесінің міндеттері

оқушылардың әдеп ұстанымдарын және моральдік қасиеттерін, патриоттық, құқықтық саналарын қалыптастыру және дамыту;


оқушылармен және олардың ата-аналарымен жиналыстарды, кездесулерді, тәрбие сағаттарын, пікірталастарды, дөңгелек үстелдерді жаңа технологияларды пайдаланып өткізу арқылы шаралардың тиімділіктерін арттыру;

оқушыларға кәсіптік бағыт-бағдар беру.

Күтілетін нәтиже:

•Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарасының өзгеруі, оған үлкен мән беруі.

•Өмірден өз орнын таба білетін, салауатты өмір сүретін, адамгершілігі мол, жан-жақты, елжанды тұлғаның қалыптасуы.



Ата-ананың баласына қалдыратын ең үлкен мұрасы – берген жақсы тәрбиесі.
Отбасындағы ата-ана – баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі.
Сондықтан біз мектептің отбасы тәрбиесіне ықпалын арттыру үшін ата-аналарға мектеп есігін айқара ашып, балалармен өткізілетін әр түрлі тәрбиелік іс-шаралар мен сабақтарға қатысуына мүмкіндік туғызып жүрміз. Тіпті кейде ата-аналар арнайы дайындықты талап ететін тәрбие сағаттарына, саяхаттар мен денсаулық фестивальдеріне шақырылады.



Сынып жетекшілері қажет болғанда отбасына оқушы арқылы баласының сабақтағы үлгерім жетістіктері мен ұнамды немесе ұнамсыз әрекеттері жайлы хабарлап, ашық хат немесе жаднама жолдайды.

Құрметті: Құсайынов Нұралы, Махұтова Айнаш!

Сіз 4 ақпан күні сағат 16³⁰- де өткізілетін ата-аналар жиналысына міндетті түрде қатысуыңызға сұраймын. Қаралатын мәселе: негізгі мектеп бітіретін оқушылар үшін кәсіптік бағдар беру, осы мәселе жөнінде оқу ісінің меңгерушісі М.Т. Сыхов ақпарат береді.

Сынып жетекшісі: Избулатова Гүлжанат
2 ақпан 2015 жыл

Ата-ананың аты-жөні: Махұтова Айнаш
Тыныстем (қолы): *Айнаш*

Ата-аналарға арналған жаднама!

Дана халқымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін», «Бала тәрбиесі - бесіктен» деген ұлағатты сөз бар. Осыны басты қағида ете отырып, бала тәрбиесіне қатысты жаднаманы назарларыңызға ұсынамын.

1. Балаға әрдайым көңіл бөлуге тырысыңыз. Баланың қойған сауалына бар сүйікті жұмысыңызды тастай сала жауап беріңіз, тапсырмасын бірге орындаңыз.
2. Мейірімге толы сөздеріңізді, жылуыңызды аямаңыз. Таңертең ұйқыдан оятарда «қошақаным», «күнім», «ботам» деген сөздермен еркелетіңіз.
3. Баланың көзінше жаман әдеттер көрсетуден аулақ болыңыз. Баланың ұятына дақ түспеуіне өте абай болыңыз.
4. Баланың жан дүниесіне көңіл аударыңыз. Бала өзін керексіз сезінбеуі тиіс.
5. Баланы жазалаумен қатар, сыйлық беру де тәрбиенің әдіс-тәсілі. Балаңыз сыйлыққа лайық бір іс істегенде сыйлық беріңіз. Бұл оның ынта-жігерін оятады.
6. Отбасында үнемі бітпейтін ұрыс-керісті көріп өскен бала, айналасындағылармен де, өзімен де тату тұра алмайды. Баланы үнемі сынап-мінесе, ынжық, өзіне сенімсіз болып өседі.

Қолхат

Мен, Подстепный казак жалпы орта білім беретін мектебінің «5.6» сыныбының оқушысы... *Әбубәк Мұраман*.....
ата анасы... *Мәлімжолетова Алия Әзімжановна*.....
баламның мектепке мынандай телефон *8445.11.16*..... апарып жүргенін білем, сол себепті жоғалған (ұрланған) жағдайда мектеп әкімшілігіне немесе ішкі істер бөлімі қызметкерлеріне арызданбаймын деп міндеттенемін.

«...» қыркүйек 2014 жыл. қолы: *Әбубәк*

7. Жанұя тарапынан қолдау көріп өскен бала өзіне сенімді әрі бағалауды біліп үйренеді.
8. Жанұядан жылу мен мейірім таппаған бала отбасынан алшақ, қашып жүруге себеп іздейді.
9. Баланы айыптамаңыз. «Тентек, ақымақ, жыңды, қаңғыбас» деген айыптаудан аулақ болыңыз. Одан баланың сізге сенімі жоғалады.
10. Балаңыздың көретін кинолары мен оқитын кітаптарына назар аударып жүріңіз. Дәрекілік пен қатігездікке толы жайттарды көп көру баланың осыған еліктеуін тудырады.
11. Таяқ – тәрбиелеудің басты құралына айналмау керек. Оны тек жазалау құралы ретінде қолдануға болады. Ал қорлық ретінде ұрып-соғуға өз баласы болса да ата-ананың еш қақысы жоқ.
12. Баланы ұлап тәрбиелемеңіз. Яғни «ұлы сөздер» колданудан абай болыңыз. Ұлы тәрбиені ұстанған жанұялар «салау», «олау», «ақымақ», «есеқ», «жарымес» деген сөздерді колданады.

**Бала тәрбиесіндегі істеріңізге сәт-сапар! Балаңыз 1
қуанышыңыз бен бақытыңыз болсын!**



Бүгінгі күнгі педагогтардың, отбасы мен жұртшылықтың күш-жігерін үйлестіріп отыру – сынып жетекшісінің міндеті. Баланың алғашқы тәрбиешісі ата-ана десек, баланың көзқарасы және нанымы, мінез-құлық дағдылары мен әдеттері отбасында қалыптасады. Ал бала тәрбиелеуде, оқытуда мектеп шешуші роль атқарады. Мемлекет балаларды тәрбиелеуде отбасына мектеп арқылы көмектесіп, отбасылық тәрбиенің мазмұны мен ұйымдастырылуына әсер етіп отырады. Яғни мектеп мемлекеттік мекеме есебінде балалар мен жасөспірімдерді дұрыс тәрбиелеуде отбасына жәрдемдесуге, ата-аналар арасында педагогикалық–психологиялық насихатты белсенді жүргізуге міндетті. Сол себепті, сынып жетекшісінің ата-аналармен ынтымақтасқан бірліктегі еңбегі - бала тәрбиесіндегі мақсатымызға жетудің ең тиімді жолы. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-шы бабында ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар» және олар «балаларға



өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті», - деп жазылып, жас ұрпаққа тәрбие, білім беру үдерісінде қатысушы субъект ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеген. Бұл 49-бап оқушылардың білім, тәрбие сапасын арттырудағы мектеп пен отбасы ынтымақтастығының аса қажеттігін ашып көрсетеді. Бұл Заң қыркүйек айындағы ата-аналар жиналысында және ата-аналар өз міндеттерін толық атқармаған жағдайларда қарастырылады.



Мектеп пен отбасы бірлесіп күш-жігер жұмсай отырып, жеткіншек ұрпақтың жан-жақты дамуына ат салысулары қоғам талабына сай болуы тиіс. Кемелденген ел жағдайында мектептің отбасы өміріне белсене араласуының үлкен маңызы бар. Бұл ең алдымен балалардың адамгершілігін қамтамасыз ету үшін керек. Ендеше білім ордасының отбасымен және жұртшылықпен байланысы, негізінен, сынып жетекшілері арқылы жүзеге асады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

1. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату.
2. Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.
3. Ата-аналар ұжымын құру.
4. Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.

Ата-аналардың көбі балалары төменгі сыныптарда оқығанда мектеппен, қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста болады да, жоғары сыныптарда бұл мәселеге көңіл бөлуді азайтады. Сынып жетекшілер ата-аналармен кездескенде оларды мектептің талабымен таныстырып, оқушыларға әсер етудің формалары мен әдістері жөнінде келісіп алады. Олар ата-аналарға педагогикалық білім таратып, отбасында адам тәрбиелеудегі өздерінің ізгі міндеттерін жақсы орындауына көмектеседі, барлық ата-аналардың өз балаларының **қамқоршы ұстазы** болуы үшін тырысады. Егер барлық ата-аналар сынып жетекшісінің талаптарын жақсы түсініп, қолдап отырса, балаларының дұрыс тәрбиеленуіне ықпал етіп, мектепке зор көмек көрсетер еді.

Бірақ кейбір ата-аналар өз отбасыларының аясынан шыға алмай, қоғамдық тәрбие талаптарына өзінің жеке бір ерекше бағытын, балалармен қарым-қатынастағы дара әдісін қарама-қарсы қояды. Кейбірі балаларын еркелетіп жібереді, барлық тілектерін орындауға тырысады, еңбектен қол үздіреді. Мұндай отбасыларда балалар тіпті жеңіл үй жұмысына да араласпайды. Бұл бірте-бірте оқу еңбегіне де теріс әсерін тигізеді. Нәтижесінде балалар нашар оқып, үйге берілген тапсырмаларды орындамайтын болады. Мұндай ата-аналар балалардың сана-сезімі мен мінез-құлқын қалыптастыру үрдісін қиындатады. Осы кемшіліктерді көрісімен сынып жетекшісі педагогикалық сипаттағы шаралар қолданады. Яғни балаларға сезімталдықпен қарап, олардың бастамаларын және дербестігін тұншықтырмай, икемдеп бағыт-бағдар көрсетіп тәрбиелеу керек екенін ата-аналарға ескертіп отырады. Өйткені, мектеп пен отбасының тығыз ынтымақтастығы талап пен тәрбиелік ықпалдың бірлігін қамтамасыз етеді.



Мектептің отбасымен ынтымақтастығы, оқушыны тәрбиелеу жұмысы ең алдымен оқушыны, оның отбасы жағдайын зерттеуден басталады. Ол сынып жетекшісі тарапынан төмендегідей жүйеде жүзеге асырылады.

Сынып жетекшісінің зерттеу жұмыстары

Оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін зерттеу

1. Мінездегі ерекшелік
2. Көзқарастағы ерекшелік
3. Денсаулығы
4. Қызығушылығы

Әр оқушының отбасындағы тәрбие жағдайын зерттеу

1. Отбасындағы әл-ауқаты
2. Отбасы құрамы
3. Отбасындағы психологиялық ахуал
4. Отбасы тәрбиесінің үздік үлгісі

Сынып ұжымының тәрбиелік деңгейін зерттеу

1. Сыныптағы балалардың тәртібі
2. Қалыптасқан қарым-қатынас
3. Сыныптың ұжымдасқандығы
4. Көшбасшыларды анықтау

Сыныптағы «қиын» балалардың білімділігін зерттеу

1. Қиын балалармен жеке әңгімелесу
2. Қиын балалардың пайда болу себептері
3. Оларға көмек беру жолдары

Зерттеу жұмысын жүргізе отырып сынып жетекшісі балалар тәрбиесін тиімді ұйымдастыруда ата-аналармен байланысады. Олар әр түрлі формада ұйымдастырылады.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен байланыс жасау жұмыстарының түрлері

Ата-аналармен
жиналыс

Ашық хат немесе
алғыс хат жазу

Интернет, т.б.
байланыс желісі

Үйіне
бару



Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары

Жеке-дара

Педагогикалық-психологиялық консультация

Ашық есік

Заңгермен кездесу

Жеке әңгімелесу

Теологпен кездесу

Топтық

Дөңгелек үстелдер

Тренингтер

Коучингтер

Тәрбие сағаттары

Ата-аналар оқулары

Ата-аналар патрулі

БАҚ бетіне үлгілі ата-аналар туралы мақала жазу

Бұқаралық

Ата-аналар жиналыстары

Мерекелік сыныптан тыс шаралар

Мектеп ауласын көгалдандыру

Саяхаттар, туристік-спорттық жорықтар

Денсаулық фестивальдері

Байқаулар




Бұл шараларда ата-аналар балалардың есеюіне, жетілуіне демеу болудың және баланың бойында рухани байлықты дамытудың маңыздылығын, ол үшін сүйіспеншілік сезім, мейірімділік пен сыпайылықтың қажеттілігін біледі. Ата-аналардың балаларымен ынтымақты қарым-қатынас жасауының нақтылы әдістерін үйренеді, отбасында пайда болған өзара түсініспеушіліктерге байланысты жеке-дара кеңестер алады.

Отбасы – саналық пен ынтымақтастықтың және болашақтың бастау алар негізі. Сондықтан да мына кеңестерді ата-аналардың есіне жиі түсіріп жүру қажет:

1. Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заңнамамен бекітілген міндеті. Ең басты мысал, Қазақстан Республикасының Конституциясында (27-бап) «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауына болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті», -делінген.
2. Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс.
3. Отбасындағы бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуы қажет.
4. Бала бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек.



Бала тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар, адамгершілік ізгі қасиеттер үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел болашағы – өскелең ұрпақтың санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. К.Ушинский былай деген екен: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да оның орнын баса алмайды». Яғни өнегелі отбасының мәуелі жемісі – саналы тәрбиеленген өскелең ұрпақ болары даусыз. Осындай өнегелі отбасы Дархан және Динара Хамидуллиндер Дидар және Нейла есімді балаларымен бірге аудандық «Алтын ұя» отбасылар байқауына қатысып, жоғары дәрежеде өнер, білім көрсетіп, Бас жүлдені жеңіп алды. Балаларының сынып жетекшілері Бейбітова Тулпан Маратқызы және Турсыналиева Айнур Галимовна. Бұл отбасы VII облыстық «Алтын ұя» отбасылар байқауында ұпай саны бойынша IV орында болып, «Жаңашылдық шыңына өрлеген отбасы» аталымын иеленді.



Ал, Исатаевтар отбасы облыстық «Жанұялық дәстүрлер» атты семинар-тренингке белсенді қатысқаны үшін марапатталды.



Балаларының сынып жетекшілері Сайынова Нұрлы Сайынқызы және Едгина Айнұр Берікқалиқызы.



Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы екендігін әрбір тәрбиелі азамат өзінің өміріне талдау жасап, мол мәліметтер жинақтап байқайды. Ата-аналар мен мектептің бірден-бір мақсаты жан-жақты жетілген, үйлесімді дамыған, адамгершілігі мол, парасатты, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру.

Баланы тәрбиелеуде әр ата-ана өздері білімді болуы керек. Бірақ, бес саусақ бірдей емес, әрбір ата-ана баласына дұрыс ықпал етудің әдіс-тәсілдерін біле бермейді. Сондықтан да сынып жетекшісі ата-аналармен тығыз байланыста болып, пікірлесіп, білмейтін жерлерін толықтырып отыруы керек. Сонда ғана балалардың жағдайын түсініп, олардың адами қасиетінің дамуына ықпал жасай аламыз деп ойлаймын.

Баяндамамды Ян Амос Коменскийдің ұстаздар туралы айтқан мына пікірімен аяқтағанды жөн көрдім «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол шәкірттердің қимыл әрекетіне, ойына ақылдың дәнін сеуіп, жанына нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі». Лайымда осылай болғай.

Құрметті әріптестер, жаңа оқу жылы баршамызға құт-береке, қуаныш, шығармашылық табыс, сәттілік, жеміс пен жеңіс әкелсін!

Тыңдағандарыңызға үлкен рахмет!

